# Сыр бойы 90 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№160 (19838)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

24 қазан /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл


МЕРЕЙ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ СЫР ДИҚАНДАРЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ





Қазақстан Республикасының Президенті
Президент Республики Казахстан

Нұр-Сұлтан қаласы, Ақорда . . ./. . ./2019

Қызылорда облысының әкімі
Қ.Ысқақовқа

**Құрметті Сыр бойы диқандары!**

Қызылорда облысы – ауыл шаруашылығын қарқынды дамытып, ел қазынасын еселеп отырған берекелі аймақ.

Биыл осы өлке диқандарының күріш өндіруден рекордтық көрсеткішті жаңартып, мол өнім жинауы – соның айқын дәлелі.

Өңірдегі 87,9 мың гектар күріштің әр гектарынан 60,3 центнерден өнім алынып, ел қамбасына 530 мың тоннадан астам ақ маржан күріш құйылды.

Баршаңызды осындай толағай табыстарыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – ауыл еңбеккерлерінің адал әрі тынымсыз еңбегінің және мемлекет тарапынан көрсетіліп келе жатқан қолдаудың нәтижесі.

Екі мәрте Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың ізбасарлары алдағы уақытта да ел экономикасын өркендетуге зор үлес қоса береді деп сенемін!

Сіздерге мықты денсаулық, еңбектеріңізге жеміс және бақ-береке тілеймін!

Қасым-Жомарт Тоқаев

ПРЕЗИДЕНТ

## Кеңес мүшелерімен кездесті

**Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мүшелерімен кездесу өткізді.**

Белгілі заңгер, адвокат Айман Омаровамен кездесуде азаматтардың құқығын қорғау және осы бағыттағы заңнаманы жетілдіру мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, А.Омарова Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 130-бабының қылмыстық мазмұнын өзгерту және 174-бабына түзетулер енгізу туралы ұсыныс жасады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев А.Омарованың бастамасының маңызды екенін атап өтіп, кемсітушілікке қарсы заңнама нормаларын енгізгенде шетелдік тәжірибені қолдану қажеттігін айтты.

Саясаттанушы Данияр Әшімбаевпен әңгімелесу барысында сарапшылар қауымдастығы мен жұртшылықты белсенді тарта отырып, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмысына бақылауды күшейту жайындағы ұсыныстар қаралды.

Қоғам қайраткері Ауыт Мұқибекпен кездесу кезінде миграция және көші-қон туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері көтерілді. Ауыт Мұқибек Мемлекет басшысының «оралман» сөзінен бас тартып, оны «қандастар» деп өзгерту жөніндегі бастамасын қолдайтынын айтты.

## Жасампаздық жолындағы Жалағаш

**Кеше Жалағаш ауданының 80 жылдық мерейтойы аталып өтті. Мерекеде мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ерлері Исатай Әбдікәрімов пен Алдаберген Бисеновтің бюсттерінің ашылу рәсімі болып, оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов пен облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов қатысты.**

**Аудан мерейтойы орталық стадиондағы «Алтын дән» мерекесіне ұласты. Мұнда бірқатар шара ұйымдастырылды. Бұл туралы газетіміздің келесі санында толығырақ жариялайтын боламыз.**

**«СБ» ақпарат.**

КӘСІП ПЕН НӘСІП

## Керамзит кірпіш енді Жаңақорғанда өндіріледі

**Жол түсіп Талдықорғанға барғандар білетін болар, ол жақта керамзит кірпіштен қаланған тұрғын үйлер көп. Елімізде осы кезге дейін бұл кірпіш Талдықорғанда өндірілді. Себебі, бентонитті саз балшық тек сол қала аумағынан табылатын. Енді керамзит кірпіш Қызылорда нарығына да шығатын болады. Биыл Жаңақорған ауданында бентонитті балшықты өңдейтін зауыт бой көтерді.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

«Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» дейді мұндайда. Зауыттың иесі Нарзулла Искаковқа керамзит кірпіш өндіру туралы идея Өзбекстанға барған сапарында туған. Ол көшедегі кірпіш жарнамасына қарап, бентонитті саз балшықты керамзитке айналдырудың тәсілдерін іздей бастайды. Бірақ бентонитті балшықты қайдан алмақ?

Сұрастыра келе, мұндай саз балшық Кеңес үкіметі кезінде Жаңақорған ауданындағы Аққұм деген ауыл маңайында қазылып, Ресейге жөнелтілгенін анықтайды. Иә, 1971 жылы Жаңақорғанның сазынан көрші мемлекет өнім шығарған. Н.Искаков осыдан кейін-ақ, әлгі жердің топырағын сараптамаға жіберіп, өзі кірпіш өндірудің техникасын меңгеруге кіріседі.



Ақпарат көздерінен іздеп көрдік, бентонит – ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте кеңінен қолданылатын ұнтақ. Оның құрамында темір, магний, марганец, калий, натрий, кремний, фосфор, мырыш, басқа да химиялық қоспалар бар. Бентонитті саздан алдымен керамзит алынады, ал керамзитті ұнтақтан кірпіш жасалады. Кәсіпкердің айтуынша, қоңыр түсті кірпіштің салмағы жеңіл болғанымен, сапасы мықты. Мамыр айында басталған зауыттың құрылысын аяқтау осы жылдың аяғына жоспарланған.

Айта кетейік, кәсіпкер жылдық қуаттылығы 7-8 мың тоннадан асатын «Қуат-әк» ЖШС-ның да иесі. Бүгінде әк Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан өзге, Өзбекстан, Қырғызстан елдеріне де шығарылады.

## Интернет-конференция

2019 жылғы 24 қазанда сағат 10.00-17.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Д. Ысқақовтың қатысуымен «Көлік және жол инфрақұрылымын дамыту мәселесі» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды https://dialog.egov.kz/ сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

ИГІЛІК

## Қарауылтөбеліктердің қуанышы

**Қызылорда қаласының іргесіндегі Қарауылтөбе елді мекенінде 2200-ге жуық халық тұрады. Талай жыл отын жарып, көмір жаққан ауыл тұрғындары биылғы жылу маусымында «көгілдір отынға» қол жеткізді.**

**Дәулет ҚЫРДАН.**

Мал шаруашылығы мен егінді қатар алып, жұмысын жүйеге қойған жұртшылықтың қуанышында шек жоқ. Солардың бірі – ауыл ақсақалы Оразбек Бейісов.

– Өткен жылы осы аумақтан сайланған қалалық мәслихат депутаты Ғалымбек Жақсылықов бастап, атқа қонған ел азаматтары жиналды. Сол кезде халық қалаулылары уәде берген. Енді, міне, нәтижесін көріп отырмыз. Алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді ақсақал.

«ҚазТрансГаз» АҚ облыс бойынша филиалы өкілдері мұнда атқарылған жұмысты таныстырды. Қазіргі таңда «көгілдір отынға» қосылмағандар да бар. Мәселе үйлердің жылу жүйелерінің газға лайықталмағанынан туындап отыр.

– Газдандыру бағытындағы 2015-2019 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаның соңғы 37 млн 959 мың теңгесін игердік. Бұл бастама нәтижесінде көпшілік «көгілдір отынға» қосылды. Аталған сомаға 110 тұрғын үй мен әлеуметтік нысан кіреді. Қалған үйлерге тұрғындар өздері қаражат шығарып, тартып алып отыр. Негізінен мамыр айында басталған жұмыс желтоқсанда аяқталатын. Мерзімінен бұрын іске қосып отырмыз. Енді Абай, Досан ауылдары да газ игілігін көреді деген жоспар бар, – дейді «ҚазТрансГаз» АҚ ҚӨФ директорының орынбасары Бауыржан Сәтмағамбетов.

Айта кетейік, инвестициялық бағдарлама арқылы аймақты газдандыруға 20 800,1 млн теңге қаражат қаралған. Бүгінге дейін Арал қаласы мен Әйтеке би, Шиелі, Жаңақорған кенттері газ жүйесіне қосылды. Сонымен қатар, 5 автоматтандырылған газ тарату станциясы салынған. Аталған аумақтар мен Байқоңыр қаласына газ құбыры тартылды. Инвестициялық бағдарламаның бұл бөлігін Қарауылтөбе ауылы қорытындылап отыр. Мердігер мекеме өкілі Ардақ Алтынбекұлы тұрғындарға біршама жеңілдік қарастырылғанын айтты.



– «ҚазЭнергопроектстрой» серіктестігі тарапынан халықтың жағдайына қарасып отырмыз. «Хоум Кредит» пен «Евразия» банктері арқылы келісімге келіп, несие арқылы газдандыру мәселесін шешті. Осы күні 200 үй қосылды. Енді Досан ауылында да ауқымды жұмыс күтіп тұр, – дейді ол.

«Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытуға арналған» кешенді даму жоспары да газдандыру мәселесіне біраз серпін бермек. 2022 жылы жоба толығымен іске асқанда облыс халқының 70 проценті «көгілдір отынның» игілігін көреді. Ал бұл күнде аудандар мен облыс орталығында аталған жұмыс қарқынды жүзеге асуда.

Эльмира Ертуғанова – Қарауылтөбе ауылының тұрғыны. Қыстың қытымыр аязында от жағудың бейнетін көрген ол жағымды жаңалықты естігенде қатты қуанғанын айтады.

– Бұл мәселе біраз жылдан бері айтылып келді. От жағып, күл шығарудың машақатын тарттық. Енді тиімділігі жоғары табиғи газға қол жеткізіп отырмыз. Қуаныштымыз, – деді ол.

Ендігі мәселе – көпқабатты үйлердің жайы. Кеңестік кезеңде салынған бұл үйлер апатты болудың алдында тұр. Көне баспананы газға қосу үшін әлі біраз жұмыс атқарылуы керек. Бұл мәселені шешуге тұрғындардың өздері жауапты. Өйткені, бумен жылыту жүйеге қосылмаған. Десе де, алдағы уақытта бұл тұрғын үйлердің газға қосылуына мүмкіндіктер қарастырылмақ.


ПАЙЫМ — Болашаққа батыл қадам — 2

ФЕСТИВАЛЬ — Арманға қанат бітірген — 2

ҒИБРАТ — Көзкөргендер көңілінен өшпейді — 5

ӨНЕР — Сахнамен сырлас ғұмыр — 6

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

# Болашаққа батыл қадам

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мемлекет басшысы ретіндегі алғашқы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы – қазақстандықтардың жарқын болашағына деген сенімін нығайта түскен, тарихи маңызы аса зор бағдарлама. Жолдау – Президенттің «Баршаға ортақ игілік! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» атты сайлауалды бағдарламасының жалғасы.**



Отыз жылға жуық Тәуелсіздік кезеңінде Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы да салиқалы саясатының нәтижесінде Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарынан орын алды, жаңа Қазақ Елін әлем таныды. Жолдауда Мемлекет басшысы Елбасы саясатын сабақтастыра отырып, Қазақстанды дамудың жаңа белесіне шығаратын өз бағдарламасын жариялады.

Елдің әл-ауқатын арттыруға байланысты бірінші кезектегі мәселелерді шешудің басым бағыттары айқындалған Жолдауда қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға жан-жақты, терең талдау жасалған және оны түбегейлі оңалту бағытында нақты міндеттер қойылып отыр.

Тұрғындардың кірістерін арттыру, халықты толғандырған ең өзекті деген проблемалар жөнінде маңызды тұжырымдамалар айтылды. Ендігі кезекте атқарылатын жұмыстың басты мақсаты – елдегі реформалардың ауқымды және жедел жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекет басшысы қазіргі уақытта бізге тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамытудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отырғанын айтты. Бұл Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе алатын мүмкіндіктер.

Ел Президентінің Жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне ерекше назар аударылды. Алдағы уақытта туған тіліміздің мәртебесі күшейіп, ұлтаралық қатынас құралына айналатынын жеткізді. Сондай-ақ, бұған дейін қазақ жазуында қолданып келген әліпбиді латын қарпімен ауыстыру кезең-кезеңімен жалғасын табатын болады. Бұған дейінгі кездесулерде де Мемлекет басшысы тіл тақырыбына қатысты ұтымды ойын білдіріп келді. Қазіргі жаһандану заманында бұл мәселе ешқашан өзектілігін joймайды.

Қарапайым халық үшін Жолдауда айтылған маңызды мәселенің бірі – зейнетақы жүйесіне байланысты болды. Себебі, Мемлекет басшысы азаматтарға зейнетақы қорында жинақталған қаржыны пайдалануға рұқсат беру мәселесін пысықтауды Үкіметке тапсырды. Қорда жиналған қаржыны баспана сатып алуға немесе білім алуға жұмсауға мүмкіндік берілсе. Алдағы уақытта Үкімет пен Ұлттық банк біраз шаруа атқарып, зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруы қажет. Өйткені, бүгінде жұмыс істеп жүрген адам қордағы қаржысын пайдалана алмайды. Президент бұл жағдайды ескеріп, жинақтың бір бөлігін мақсатты пайдалану мәселесін жүктеді.

2015 жылы Жер кодексіне бірқатар өзгерістер енгізіліп, халық арасында түсініспеушілік орнаған болатын. Сол мәселеге Мемлекет басшысы ретінде шетелдіктерге жердің сатылмайтынын қадап айтты. Ол бұған ешқашан жол берілмейтінін жеткізді. Дегенмен, жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету – біздің мақсатымыз екенін де білдірді. Сонымен қатар Президент көптеген азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттен жерді жалға тегін алып, жұмыс істемей текке ұстап отырғанын да жасырмады. Осыған байланысты пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерді қайтарып, жердің – ортақ байлық ретінде жұмыс істейтіндерге ғана тиесілі екендігін ескерте отырып, Үкімет пен Парламентке тиісті шаралар қабылдау қажеттігін жеткізді.

Мемлекет басшысы индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында өнімділігі жоғары орта бизнеске қолдау көрсетудің кешенді шараларын әзірлеуді тапсырды. Жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған, қосымша салық түсімдерін ұлғайтатын жаңа жобаларға басымдық берілуі қажет. Сонымен қатар, отбасылық шағын және орта бизнестерді құруды ынталандыруға, көпбалалы аналарға үйде отырып жұмыс істеу мүмкіндігін беруге күш салыну керек. Экономикалық өрлеу және әлеуметтік саланың барлық бағыттары бойынша саяси реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Алдымызда табанды әрі жан-жақты ойластырылған мемлекеттік тұжырымдамаларды орындау міндеті тұр. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату алдағы уақытта атқаратын жұмыстың басым бағытына айналуы тиіс. Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу аса маңызды. Елімізде белгілі қоғам өкілдері өзекті проблемалардың тиімді шешімін табу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізетін болады.

Жалпы, бұл Жолдаудың тарихи маңызы ерекше. Президент қойған барлық міндетті табысты жүзеге асыру үшін шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын арттыруға, шешімдерді қабылдау барысында халықты тарту ісіне негізгі екпін берілуі қажет. Мемлекеттік қызметшілердің қойылған міндеттерге жетуге, әсіресе инвестиция тарту, еңбек өнімділігін арттыру, шикізаттық емес экспортты ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелеріндегі жеке жауапкершілігі күшейтіле түседі.

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалық етуімен Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын ілгерілетуге арналған облыс әкімдігінің жиыны өтті.

Тұңғыш Жолдауында Президент ел өміріндегі түйткілді мәселелердің түрлі шешімдерін ұсынғанын, сонымен қатар Үкіметке, салалық министрліктерге, әкімдер мен жауапты тұлғаларға ел экономикасын серпінді дамыту бағытында міндеттер жүктеп, нақты нәтижеге қол жеткізуді тапсырғандығын мәлімдеді.

Әрбір отандасымыздың әл-ауқатын жақсарту, елімізді әлемдік көшбасшы мемлекеттер қатарына қосу – Қасым-Жомарт Кемелұлының назарындағы мәселе екеніне көз жеткізгенімізді, сондықтан сәт сайын құбылып, геосаяси жағдайдың жылдам өзгерістерге ұшырап жатқан сәтінде Президенттің тапсырмалары мен бастамаларын бұлжытпай орындап, Сыр елінің ауызбіршілігі мен сындарлы шақта сыр бермейтін игі қасиетін көрсетуіміз қажет, – деп атап өтті.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының Үкіметке шағын бизнесті алдағы 3 жыл бойы табыс салығынан босатуды және тексеруге мораторий жариялауды тапсырғанын айта келе, мораторий еш қадағалау болмайды дегенді білдірмейтінін, осы уақытта өзара реттеушілік пен қоғамдық бақылау белсенділігін арттырудың қажеттілігін атап өтті. Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үшжылдығы аясында шағын және орта бизнеске қаржылай қолдау көрсетілетінін, ал қаржылай қолдаудың нәтижесі мен тиімділігі жаңа жұмыс орындарының ашылуымен өлшенетіндігін жеткізді.

Жиында елді мекендерді газдандыру ісін жалғастыру жайы сөз болды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қазіргі уақытта халықтың 63 проценті табиғи газ тұтынуға мүмкіндік алғандығы, ендігі кезекте жұмыс 3 ауданда жалғасатыны, сөйтіп 2022 жылға қарай облыс халқын газдандыру үлесін 64 проценттен 72 процентке жеткізу көзделіп отырылғандығы баяндалды.

Сонымен қатар, биылғы Жолдаудағы бір ерекшелік, отбасы мен балалар құқығы, инклюзивті қоғамды дамыту мәселесінің көтерілгенін айта келе, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету және олардың құқықтарын қорғау бойынша облыста «Қамқорлық» дағдарыс орталығы жұмыс істеп тұрғанын, келушілердің қызмет алуы үшін облыстық бюджеттен 7,3 млн теңге қаржы бөлінгендігін жеткізді.

Жиын барысында облыс әкімі Жолдаудан туындаған міндеттерді жүзеге асыруға байланысты тиісті сала басшыларына тапсырмалар берді.

Жергілікті өкілді орган – облыстық мәслихатта Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын, ондағы көзделген міндеттерді басшылыққа ала отырып, заңмен белгіленген өз құзыреттері шегінде тиісті шешімдер қабылдайтын болады.

Халық қалаулылары сайлаушылардың талап - тілектерін, ұсыныс-пікірлерін негізге ала отырып, халықтың әл-ауқатының жақсаруына, экономикалық әлеуетінің көтерілуіне өз үлестерін қосуда. Қашанда мақсатының айқындығымен ерекшелене отырып, мемлекеттің іргетасын бекітуде, экономикалық өсім мен саяси ахуалды тұрақтандыруда жалпыхалықтық қолдауға ие «Nur Otan» партиясы жергілікті мәслихаттарда жетекші рольге ие болып келеді. Қазіргі таңда аталған реформалық бағыттың мемлекеттік саясатқа сай ұстаным екенін мәслихаттардағы «Nur Otan» партиясының фракциясына біріккен халық қалаулылары өздерінің нәтижелі жұмыстары арқылы көрсетуде. Фракция мүшелері болып жатқан саяси оқиғаларға қызу үн қосып, әлеуметтік-экономикалық маңызды шараларға белсене араласып келеді.

Депутаттарымыз қоғамда орын алып отырған сан алуан өміршең проблемаларды көріп, біліп, зерттеп, зерделеп тиісті мемлекеттік органдардың алдына нақты мәселелер қойып, оның оң шешілуіне ықпал етіп, бастамашы болып жұмыс жасауда. Осы тұрғыда облыстық мәслихат депутаттары өздерінің беделін, белсенділігін іс жүзінде жоғары дәрежеде арттыра отырып, барынша батыл іс-қимыл танытуымыз қажет. Елдің аманатын арқалап атқа қонған азаматтарымыз бұрынғыдан да қайраттанып, жігерленіп, халыққа қалтқысыз қызмет етіп, жасампаз дәуірдің жаңалықтарын барынша сергектікпен қабылдап, жеңістеріміз бен жетістіктерімізді, ұлттық құндылықтарымызды келер ұрпаққа қалдыру жолында аянбай еңбек ету – біздің азаматтық міндетіміз.

Билік пен халықтың дәнекер-байланыстырушысы ретінде облыстық мәслихат депутаттары жергілікті атқарушы органдарының алдына әлеуметтік мәселелерді батыл түрде қойып, олардың жүзеге асырылуында халық қалаулылары – мәслихат депутаттары, алдағы уақытта да белсенді қызмет атқаратын болады.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз айтулы белестерді бағындырды. Дегенмен, әлі де атқарылатын жұмыстар аз емес. Сондықтан, ортақ шаңырағымыз – Қазақстанның гүлденуі жолында еліміздің әрбір азаматы өз жауапкершілігін сезіне отырып, халқына қалтқысыз еңбек етуі басты парыз болып саналады. Мақсат айқын болғанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады. Ұлттың ертеңін ойлаған қоғам ғана өркениет жолында еңбек атқарып, түпкілікті нәтижеге жететін болады. Сондықтан да, Қазақстанның өркениетті елдердің қатарында болуы үшін мақсат-мүддеміз бір болғаны абзал. Біз мызғымас бірлік пен тынымсыз еңбек арқылы алға ұмтыла білсек қана, өз мұратымызға жете аламыз. Халық қалаулысы деген абыройлы мәртебеге лайықты болып, еліміздің өркендеуі жолындағы маңызды шешімдер қабылдайтын жұмыста жетер жетістігіміз баянды болып, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, Елдігіміз ғұмырлы болсын!

**Қ.БИСЕНОВ,**
**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы, т.ғ.докторы, профессор, академик, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.**


БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

## ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

### зейнет жасына жасалған тамаша сый!

Бойында жастық жалын мен күш-қуат тұрғанда: «Пәлен жылдан кейін не болады?» дегенді ойлай бермейсің. Әйтсе де еңбекке жарамды кезінде мұны да ойлап қойған жөн. Мәселе – мынада. Қайсымыз болсын зейнеткерлік жасқа толған кезден бастап өзімізге лайықты, қомақты мөлшерде зейнетақы алғымыз келетіні сөзсіз. Өз елімізде де, басқа елдерде де зейнетақыға қаржы жинақтау алғашқы жалақыны алған күннен басталады.

Аты айтып тұрғандай міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына еңбекақы мен өзге де табыстардың барлық түрінен толық көлемде және жүйелі түрде ақшалай аударылып отырады. Ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) болашақтағы төлемдерге тамаша бонус болып табылады. Десе де, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) дегеніміз не? Оны қорға қалай төлеуге болады? Оның қандай артықшылықтары бар?

Ерікті зейнетақы жарналары – салымшының өз бастамасымен БЖЗҚ-ға өз пайдасына салатын ақшасы. Ол бұл жарналарды өз табысынан үшінші тұлғаның пайдасына да аудара алады. Мысалы, сіз өз ақшаңызды бала күтімімен үйде отырған әйеліңіздің пайдасына сала аласыз. Өйткені зайыбыңыз міндетті зейнетақы жарналарын аудармайтындықтан, сәйкесінше еңбек өтілі болмағандықтан, келешекте бюджеттен мардымсыз ғана зейнетақы алуы мүмкін. Ал ерікті жарналар шотта бекерге жатпайды. Үнемі ұлғайып отырады. Өйткені әртүрлі қаржы құралдарына инвестицияланады. Сәйкесінше шотқа күн сайын инвестициялық табыс есептеледі. Оның үстіне аударатын жарнаңыздың мөлшерін және аудару жиілігін зейнетақы қорымен келісе отырып, өзіңіз белгілейсіз. Мысалы, алатын табысыңыздың көлеміне қарай, қаңтар айында шотыңызға 5000 теңге, ал наурыз айында 15 000 теңге аударуыңыз мүмкін.

Ерікті жарналарды тек жеке тұлғалар ғана емес, үшінші тұлғаның, мысалы, өз жұмысшысының пайдасына заңды тұлғалар да аудара алады.

Мінеки, аталмыш жүйе өте қарапайым, бір қарағанға банктегі депозитке ұқсайды. Бірақ бұл жерде тамаша артықшылық – шотқа күн сайын инвестициялық табыс түсіп отырады. Сонымен қатар ерікті жинақтарды мерзімінен бұрын алуға болмайтындықтан, зейнет жасына дейін айтарлықтай қаржы жинақтауға әбден болады.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты, тіпті, кәмелетке толмағандар да жасаса алады. Бірақ бұл жағдайда олардың заңды өкілдері қорға қажетті құжаттар топтамасын ұсынуы тиіс.

Осылайша кез келген адам жасы мен қызметіне қарамастан, қорға ерікті зейнетақы жарналарын аудара алады.

Айтпақшы, ерікті зейнетақы жарналары зейнетақы қорына екінші деңгейдегі банктер арқылы аударылады. БЖЗҚ жақын болашақта екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп, ерікті жарналарды жеке зейнетақы шотына онлайн тәртібінде аудару қызметін іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл қызмет іске қосылған соң, әрбір азамат үйде отырып-ақ, ерікті жарналарды өз шотына аудара алатын болады.

Ерікті зейнетақы жарналарының тағы бір артықшылығы – жинақталған қаражатты жалпыға бірдей бекітілген зейнеткерлік жасқа дейін, яғни 50 жасқа тола салысымен пайдалана аласыз. БЖЗҚ-дан ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер мынадай құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады:

1) алушының жеке басын куәландырушы құжаттың көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

2) алушының банк шоты туралы мәлімет.

Бұдан басқа, ерікті жинақтарды мүгедектігі бар азаматтар, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тиісті құжаттарды ұсынған жағдайда алуға құқылы.

Ескере кететін жайт, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» салық кодексінің 326-бабының ережесіне сәйкес БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері төлем көзінен жеке табыс салығы салынатын табысқа жатады. Сондықтан мына қағиданы есте ұстаған жөн – салықты екі рет төлеп қоймас үшін өз пайдаңызға ерікті жарналарды аударғаныңыз туралы жұмыс берушіңізге хабарлап, тиісті құжаттарды ұсынуыңыз қажет.

Қосымша айтарымыз, ерікті зейнетақы жарналары бойынша шот ашу өте ыңғайлы. Электрондық цифрлық қолтаңбаңыз болса, БЖЗҚ сайтында ерікті зейнетақы жарналары бойынша шот аша аласыз. Бұл қордың enpf.kz сайтының «Электрондық қызмет көрсету» – «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» бөлімі арқылы қолжетімді. Бұған қоса қордың жергілікті филиалына жеке басыңызды куәландыратын құжатпен барып та ашуға болады. Бұл бар болғаны бірнеше минут уақыт алады.

Әлемдік үрдіс ерікті зейнетақы жарналарының артықшылыққа ие екендігін көрсетіп отыр. Шет елде тұратын көптеген болашақ зейнеткерлер өз келешегін студент кезінен ойластыратыны анық. Олар зейнеткерлік жасқа толып, құрметті демалысқа шыққан соң, зейнеткерлердің ел аралап, саяхат жасайтынын, көңілі қалаған бұйымдарын сатып алатындығын, балалары мен немерелерін сыйлықсыз қалдырмайтындығын көріп те, біліп те жүр. Тап осындай мүмкіндікке біздің зейнеткерлерде қол жеткізе алады. Демек, бәрі де өз қолымызда!


# Арманға қанат бітірген

**Адамның денсаулығы, дене бітімінде кемшілік болуы мүмкін, бірақ талантта шектеу жоқ. Өнер жарытылыстан бойға дариды. Бұл сөздің растығын балалар мен жастардың IX облыстық «Жүрек жылуы» өнер фестивалі тағы да дәлелдеді.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

Осы кезге дейін конкурс болып өткен «Жүрек жылуы» биыл фестиваль ретінде ұйымдастырылды. Сондай-ақ, шараның ерекшелігі – фестивальға қатысқан үздік 10 балаға 500 мың теңгеден қаржылай қолдау көрсетілді. Бұл бастаманы осы жылдың басында облысты 6 жылдан аса уақыт басқарған Қырымбек Көшербаев енгізген еді.

Шарада облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов «Жүрек жылуы» талай талантты жастың өнер биігіне шығар баспалдағы болғанын атап өтті.

– Қазақ халқы мейірім мен қамқорлықты, жабырқағанның жанына жалау болып, сүрінгенге сүйеу болуды өмір салтының берік ұстанымы етіп келеді. Ата-бабамыздан «Адам баласынан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық қашады» деген сөз қалған. Содан да болар, «бұлақ көрсең, көзін аш» деп айналамызға қамқор қолымызды созып, жүрегіміздің мейірімін төгу біздің мызғымас салтымызға айналды. Ұлы Абай да өзінің қара сөзінде «тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ» деген екен. Шындығында, өңірде дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан «Жүрек жылуы» қайырымдылық шарасы Сыр азаматтарының мейірбандығы мен ауызбіршілігінің нақты көрінісі екені сөзсіз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев ерекше қамқорлықты қажет ететін адамдар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс екенін атап көрсеткен болатын. Тәуелсіз мемлекетімізде Сыр елінде бұл мәселе басты назарда тұр, – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Фестивальға барлық аудандардан және арнайы мектеп-интернаттардан қолөнер, көркемсурет, көркемсөз оқу, халықтық орындау, вокал, би жанры бойынша 150-ге жуық өнерпаз қатысты. Екі күн бойы А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өткен шарада қолөнер бұйымдарының көрмесі де ұйымдастырылды. Өнер туындыларының барлығы да бір-бірінен өткен ерекше әрі ой саларлықтай әдемі. Соның ішінде талдырмаш әрі нәзік, кішкентай қыз баланың жасаған бұйымдарына назарымыз бірден ауды. Ол жасаған моншақты сәукелелер, әшекей бұйымдар, ойыншықтардың көз тартатыны сонша, арнайы тапсырыспен жасалатын бұйымдар секілді.

Кішкентай қолөнерші Шиелі ауданындағы №47 М.Ломоносов атындағы мектеп-лицейдің 7-сынып оқушысы Қарақат Қыдырбаева екен. Былтырдан бастап «Думан-Шиелі» ЖШС мемлекеттік-жекешелік әріптестік арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында ем алатын ол әшекей бұйым жасауды еңбекке баулитын оқытушысынан үйреніпті. Сауалдарымызға ерекше ықыласпен жауап беріп, әшекейлердің жасалу жолын асықпай түсіндірген Қарақаттың сұлулыққа жақын болмысына сүйсіндік.

– Әдемі тастар мен моншақтарды пайдаланып, бұйым жасау ойымды сергітіп, армандарымды есіме түсіреді. Әшекей жасауды былтыр емдеу орталығына барғаннан бастап үйрендім. Болашақта қолөнер бұйымдарым әлемдік деңгейге шығаратындай көркем, бағалы болғанын қалаймын, – деді ол.

Өзі зерек, қылығы тәтті Қарақат фестивальдің екінші күні қолөнер жанры бойынша үздік деп танылды. Біз оның алып-ұшқан көңілінен арманына қанат біткенін байқадық. Бұл – барлық жеңімпаздардың қуанышты келбетінен байқалған көрініс. Облыс әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Жүрек жылуы» фестивалінің де мақсаты осы болатын. Жабырқаған көңілді қуанту, сөнген үмітті ояту, алыс арманға жол салу. Айтпақшы, шараның алғашқы күнінде барлық бала үстелдегі тәттілерді қалағанынша алып, жаңа ойыншыққа ие болды. Бұл – «Skif trade» SMALL сауда орталығының сыйы. Сондай-ақ, фестивальдің жоғары деңгейде өтуіне «Абзал и К» компаниясы демеушілік жасады.



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

2019 жылғы 16 қазан №353 Қызылорда қаласы 37 сессия

# «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы №271 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы №271 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6563 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 250 581 796,4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 20 681 824,9 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3 640 876,6 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 33 351,5 мың теңге;

трансферттер түсімі – 226 225 743,4 мың теңге;

2) шығындар – 247 004 034,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 10 789 311,8 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 13 744 752,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 2 955 440,2 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 3 671 396,0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 3 671 396,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -10 882 945,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 10 882 945,5 мың теңге.

4-тармақта:

23) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

«23) мәдениет нысандарын жылумен қамтамасыз ету.»;

жаңа мазмұндағы 36) тармақшамен толықтырылсын:

«36) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеу.»;

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«11. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2019 жылға арналған резерві 312 435,7 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

| | |
|---|---|
| **Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 37-сессиясының төрағасы** | **Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы** |
| **Т.Әлімқұлов** | **Қ.Бисенов** |

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қызылорда облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 18.10.2019

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №120000-120008-6940 болып енгізілді

Қызылорда облыстық мәслихатының
2019 жылғы «16» қазандағы
37-сессиясының № 353 шешіміне
қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының
2018 жылғы «12» желтоқсандағы
25-сессиясының № 271 шешіміне
1-қосымша

# 2019 жылға арналған облыстық бюджет

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| | | | 1. Кірістер | 250 581 796,4 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 20 681 824,9 |
| | 01 | | Табыс салығы | 4 870 600,0 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 4 870 600,0 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 4 681 801,0 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 4 681 801,0 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 11 129 423,9 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 11 049 991,5 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 79 432,4 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 3 640 876,6 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 214 552,7 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 39 639,7 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 34 000,0 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 140 913,0 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 57,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 57,0 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 619 533,4 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 619 533,4 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 806 733,5 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 806 733,5 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 33 351,5 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 33 351,5 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 33 351,5 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 226 225 743,4 |
| | 01 | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 3 864 957,4 |
| | | 2 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер | 3 864 957,4 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 222 360 786,0 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 222 360 786,0 |
| Функционалдық топ | | | | |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | Бағдарлама | | |
| | | | Атауы | |
| | | | 2. Шығындар | 247 004 034,1 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 5 162 423,1 |
| | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 65 784,0 |
| | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 63 695,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 089,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 2 185 770,0 |
| | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 790 267,0 |
| | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 248 603,0 |
| | | 009 | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 19 021,0 |
| | | 013 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 127 879,0 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 1 938 840,8 |
| | | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 114 423,0 |
| | | 009 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 637,9 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 1 823 779,9 |
| | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 328 165,6 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 174 227,6 |
| | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 129 545,0 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 24 393,0 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 119 953,0 |
| | | 078 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 119 953,0 |
| | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 235 280,1 |
| | | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 210 100,1 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 25 180,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 10 774,6 |
| | | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 10 774,6 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 155 072,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 154 453,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 619,0 |
| | 718 | | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 63 120,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 620 987,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 620 987,0 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 100 000,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 100 000,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 850 000,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 850 000,0 |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0,0 |
| | | | 5. Бюджет тапшылығы (профициті) | -10 882 945,5 |
| | | | 6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 10 882 945,5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімі | 13 200 720,0 |
| | 1 | | Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар | 5 206 155,0 |
| | | 10 | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымынан түсетін түсімдер | 5 206 155,0 |
| | 2 | | Қарыз алу келісім-шарттары | 7 994 565,0 |
| | | 02 | Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар | 7 994 565,0 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 2 997 199,6 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 2 997 199,6 |
| | | 015 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 2 922 769,0 |
| | | 018 | Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 74 430,6 |
| 8 | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 679 425,1 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 679 425,1 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 679 425,1 |

3-бет.

# Көзкөргендер көңілінен өшпейді

**Бақ жұлдызы жанатын пендесін Жаратқан әу бастан-ақ шыңдап, өмір өткелдерінен өрге сүйрейтіні баршаға белгілі жайт болса керек. Мына дүниеге кім келіп, кім кетпеген?! Бұл шексіз әлемде әркімнің өз тағдыры, жолы, биігі бар.**



Өмірден озғанымен, көргендер көңілінен өшпес жандар болатыны хақ. Сондай жанның бірегейі мәңгілік сапарға кеткен Бегалы Нұрманұлы Айтмембет болатын. «Біреуге баға беру үшін, бағалаушының бойында сол қасиеттер болу керек» деген екен Шекспир. Қырық жылдан астам дос болған Бекеңнің бейнесі мен кісілік келбетін мәңгілік сапарға кеткеніне 1 жыл толуына байланысты қағазға түсіруді достық парызым деп санадым.

Адам болмысына оның жүріп өткен еңбек жолына қарап баға берілсе керек. Бекең өзінің еңбекқорлығымен талай шыңдарды бағындырып, адами қасиеттерімен абыройлы болған. Ол 1939 жылы қазан айының 13 күні Қазалы ауданына қарасты Ф.Энгельс атындағы колхозда дүниеге келген. М.Горький атындағы орта мектепті үздік бітіріп, 1958 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу мамандығына оқуға түсті. Институтты 1964 жылы тәмамдап, еңбек жолын Түркістан медицина училищесінде ұстаздық жасаудан бастайды. 1966-1970 жылдары қазіргі Түркістан облысының Бәйдібек ауданында бас дәрігер болып жемісті жұмыс жасаған. 1970 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының аспиранты болып қабылданды. 1977 жылы республикалық клиникалық аурухана бас дәрігерінің емдеу ісі бойынша орынбасары, кейін бас дәрігер қызметін 1985 жылға дейін жалғастырды. Ленинград тазалық-гигиена медициналық институтында докторлық диссертация қорғап, Алматы мемлекеттік институты ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі болып 2002 жылға дейін қызмет атқарған.

Профессор, профилактикалық медицинаның академигі Бегалы Нұрманұлы 1988-1992 жылдар аралығында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде бас терапевт қызметін қоса атқарды. Қазақстанның ғылыми-педагогикалық ортасында абыройлы қызмет жасады. 1999-2000 жылдары Гигиена және кәсіби сырқаттар ғылыми-зерттеу институтының директоры болды. 2000 жылдан бастап республикалық психиатрия ауруханасының бас дәрігері және осы жылы Бекеңнің ұсынысымен республикалық аурухана негізінде Психиатрия, психотерапия және наркомания ғылыми-практикалық орталығы құрылды. Алғашқы директоры болып өзі сайланды. Өмірінің соңында жоғарыда аталған ғылыми орталықтың Құрметті директоры болды.

Бегалы Нұрманұлы барлық уақытта белсенді және ісіне адал ғылыми зерттеуші ретінде 215 ғылыми еңбек жариялады, 12 рационализаторлық ұсыныс, төрт жаңалық енгізді. Медицина саласында 3 монография және 3 оқулық жариялады. 22 кандидаттық және 5 докторлық диссертация жетекшісі болды.

Бекеңнің өмір жолы тақтайдай тегіс болды деп айта алмаймын. Тағдыры да оңай болған жоқ. Дегенде, бәрін жеңіп, бақытын өз қолымен жасаған адам. Оның адами қасиеті, өзіндік ұстанымы бар. Сергек көңілмен сенімді сөйлесетін, көкірегі ояу, сезімі мол болатын. Керек жерінде азаматтық мінез танытатын. Ғалым, сан салалы терапевт ретінде Алматы қаласы мен көптеген клиникаларға, облыстарға кеңесші көмегін беріп отырды. Профессордың жетекшілігімен Арал өңіріндегі экологиялық жағдай салдарынан бауыр ауруларының қабыну себептеріне арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Күріш өсіру барысында карбонат тыңайтқыштарының зияны жайлы, бауыр ауруларын болжаудың және емдеудің амалдарын қарастыру, жергілікті тұрғындардың асқазан-ішек сырқаттарына арналған бір докторлық, бес кандидаттық диссертация қорғады. Сонымен қатар осы өңірдің экологиялық жағдайына сипаттама дайындаған.

Елімізде ғана емес, шет елдерде де танымал ұйымдастырушы-ғалымның баяндамалары АҚШ, Италия, Дания, Франция, Ресей, Латвия ғылыми орталықтарында талқыланды. Бекең туралы мына жағдайды айтпай кетуге болмайды. Қазақта «текті тұлпардың тұяғы» деген қағида бар. Оның ұлтжандылығы, ұлт рухын жоғары бағалайтыны – ерекше қасиеті еді.

Бүгінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында XIX ғасырдағы тарихи жәдігер ретінде бағаланған ұлы атасы Сырлыбайдың кесенесін өз қаражатына қайта жөндеуден өткізді. Бұл 1997 жыл болатын. Қазалы ауданы әкімдігі мен аудан қауымдастығы Сырлыбай ханның 200 жылдығына арналған бірнеше шара өткізді. «Сырлыбай хан» атты кітап, облыс және республика көлемінде бірнеше материал жарық көрді. Бекеңнің адами қасиетінің биіктігі осында жатыр десек болады. Есімі аудан тарихында қалды, Қазалы ауданның Құрметті азаматы атанды.

Асыл қасиеттер – адамгершілік, ар-ұят Бекеңнің бойынан табылатын. Жайсаң мінезді, қатты сөзі жоқ. Ешкімді ренжітпейтін, әзілдің кені еді. Оның еңбегі елеусіз қалған жоқ. Денсаулық сақтау саласының жоғары дәрежелі марапат иегері, салаға қосқан үлесі үшін «Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Өмір үшін қызмет» төсбелгісіне, тағы басқа марапаттарға ие болды. Шымкент облысының Алғабас ауданынан, Алматы қаласы Ленин ауданынан депутат болып сайланған.

Мен үшін Бекеңнің жарқын бейнесі аса қадірлі әрі қымбат. Біртуар азамат ретінде жүректе сақталып қала беретіні сөзсіз. Жақсыны ту етіп көрсету, мадақтау, дәріптеу, артында қалғандардың үлесінде деп білемін. Өйткені өмірге жаңа ұрпақ, жаңа толқын, жас буын келді. Олар алдағы өнегелі әкелерін, ағаларын білуі тиіс.

Бүгінде Бекеңнің азаматтық бейнесі мен кісілік келбеті ойдан, көз алдымнан кетпейді. Ол үлгілі отбасының қамқоршысы еді. Жұбайы Камал Ақамбайқызы өмір бойы сүйікті жар бола білді. Халыққа қызмет ету саласында еңбек етіп, құрметті демалысқа шықты. Бүгінде жарының артта қалған шаруаларын реттеп, балаларына басшы болып отыр. Тұңғышы Алма – медицина ғылымының кандидаты, белгілі психотерапевт, Аида – экономика ғылымының докторы, профессор, кенже ұлы Алмасбек – дәрігер.

Естелік болған соң, мен Бекеңнің достық, адами қатынастағы болмысын ғана жазып отырмын. Оның ғылыми еңбектерін, ұстаздығы туралы айтуды әріптес ғалымдарға қалдырдым.

«Адамның өлген күні – ұмытылған күні» деген қағида бар. Азамат арамызда жоқ болғанымен, ағайын-туыс, жора-жолдас, көзкөргендер тұрғанда, оның қадір-қасиеті өшпейді.

Өмірде өзіндік ұстанымы бар, ізгілік қағидасы бойына сіңген Бекеңнің мәңгілік сапарға кеткеніне де бір жылға жақындапты. Ол кісі туралы шағын естелікте бәрін айтып жеткізу мүмкін емес. Орны толмас, қайталанбас маман, әріптес, дос бейнесі сағым болып барады. Қусаң жеткізбейді, ұстатпайды, өкінішті-ақ.

Жатқан жері жайлы, орны пейіштің төрінде, иманы жолдас болсын дегеннен басқа сөз жоқ.

**Т.МАХАНОВ,**
**Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер,**
**«Қызылорда облысының Құрметті азаматы».**

## Алмасбек Нұрмаханұлы!

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық қоғамдық кеңес және облыстық ардагерлер кеңесі, күллі Сыр елі Сіздің қайғыңызға ортақтасып, заты зият Зейнолладай ұлыңыздың мезгілсіз қазасына көңіл айтады.

Сіз өмір мен өнердің талай зілбатпан салмағын арқаға салған қара нар едіңіз. Адамның көздегенін емес, өз дегенін қылатын тағдыр тағы бір ауырды арқалатып отыр. Бұл сында Сізге Құдай қуат берсін.

Жабырқаған жан болса қайғысына ортақтасып, қанатыңызбен су сепкен қамқоршы едіңіз, енді Сізге түскен салмақты сол халқыңыз бөле көтерісіп жатыр. Бекем болыңыз, берік болыңыз.

Алла Зейнолланың алдын пейіш, артын кеніш қылғай.

## Алмас аға!

Сіздің бауыр етіңіз балаңыз Зейнолланың қазасын естігенде не дерімізді білмей есеңгіреп қалдық. Мезгілсіз келген ажалдың тырнағына болашағынан зор үміт күттіретін аты да, заты да бөлек азаматтың ілінгені қабырғамызды қайыстырды. Қапелімде аузымызға көңіл айтарлық сөз түспеді. Жазуға қаламымыз жүрмеді. Амал жоқ, өзіңіздің жыр-термелеріңізге жүгіндік. Себебі, заманымыздың талай заңғар тұлғаларына көңілқос жазып, қайғысын жеңілдеткен атпал азаматсыз ғой, аға.

Білгенге ажал мирас, арман қиғаш,
Пенденің екі ортаға басы сыймас.
Қайтпас жол – қараңғылық қадам басып,
Уах, дарих, кетіп жатыр небір қимас!

Өзіңіз мақамға салып, термелеткендей, қайтпас жолға қадам басқан ұлыңыздың қайғысына бүкіл Сыр елі ортақтасып, көңіл айтуда.

Тек өнерде ғана емес, өмірде де талай ауыртпалықты қайыспай арқалап, қимасынан айрылған жандардың қайғы-қасіретін бірге көтеріскен өзіңізге Алла Тағала қуат пен сабыр, төзім берсін деп дұға етеміз...

Ардақты ұлыңыздың жаны жәннатта болсын!

**«Сыр медиа» ЖШС ұжымы.**

## Жайыңыз болсын жұмақтан



Шаңырағымыздың тірегі, асыл жар, асқар таудай әкеміз Ділдабек Өмірғалиұлы Наймановтың келместің кемесіне мініп, арамыздан алыстап кете барғанына жылдың жүзі болды.

Ардақты әкеміздің өмірлік ұстанымы асқақ, жаны асыл азамат еді. Мына жалған жанымызға жақын адамды алып, қабырғамызды қайыстырғаны өкінішті. Кеше ғана жарқылдап үйіміздің төрінде отырған қимасымыз енді ортамызда жоқ дегенге сенгіміз келмейді. Дегенмен, артында перзенттері, өмірін жалғайтын ұрпақтары қалғанына шүкіршілік етеміз. Әкеміздің жатқан жері жайлы, жаны жаннатта болсын дейміз.

Өмірден өтті ардақты
әке жан ізгі,
Сағыныш оты жанардан
жасты тамызды.
Әруаққа құрмет,
рухына дұға бағыштау,
Соңында қалған перзенттерінің парызы, –

дей отырып, әкеміз Ділдабек Өмірғалиұлының қонақасысы 26 қазан күні сағат 17.00-де, жылдық асы 27 қазан күні сағат 11.00-де Сырдария ауданы, Н.Ілиясов ауылы, А.Бисенов көшесі №14 үйде болатынын барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, қызметтес жора-жолдастарына хабарлай отырып, қасиетті құран ішінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар:
**Наймановтар әулеті.**

ЖОБА

## Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Қызылорда облысының аумағында орналасқан террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 930 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6038 нөмірімен тіркелген,

Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 4 желтоқсанда жарияланған);

2) «Қызылорда облысының аумағында орналасқан террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы №930 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №1289 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6590 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 8 қаңтарда жарияланған).

2. «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.Н.Делмұхановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. Ысқақов**

ЖОБА

**Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі**

**Қызылорда қаласы** **№__________** **__________ 2019 жыл**

## Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 18883 болып тіркелген), Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларының 4-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бакылау Қызылорда облыстық мәслихатының әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті -сессиясының төрағасы**

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы**

Қызылорда облыстық
мәслихатының
2019 жылғы «___»
_________№ ____ шешімімен
бекітілген

Қызылорда облысы бойынша
тұрғын үй сертификаттарының
мөлшері мен оларды алушылар
санаттарының тізбесі

1. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін бастапқы жарнасының 50%, бірақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын мөлшерді құрайды.

2. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылардың жекелеген санаттарына:

- мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған, көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;
- толық емес отбасылар;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік ұйымдарда қызмет ететін қажетті мамандар жатады.

**Қайтарым күтпестен басқаларға қызмет ету біздің ұлтқа таңсық емес. Заманауи трендке айналған «волонтер» ұғымы шетелде пайда болғаны рас. Бірақ қайырымдылықты үнсіз жасайтын қазақ бұрын мұндайды «қарлығаш қанатымен су себу» деп атаған. Қазір облыста бірнеше еріктілер ұйымы жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын дәлелдеп жүр. Бұған Жастар орталығында өткен «Volunteer Fest» облыстық жас еріктілер фестивалінде көз жеткіздік.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

# Нұрлы ақыл, жылы жүрекпен




Жүзден аса ерікті жиылған шараның басты мақсаты – «Волонтерлар жылына» дайындық жасау, сұраныс пен ұсынысты ескеріп шешім қабылдау. Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, «Сана» зияткер жастар ҚҚ-ның ұйымдастыруымен өткен жиында басқарма басшысы Қуаныш Жанұзақов бұл шара келер жылға алғашқы қадам екенін атап айтты.

Алдағы жылы ауқымды істер атқарылуы үшін биылдан бастап ауыл, аудан, қала еріктілері арасында байланыс болғаны дұрыс. Сондықтан фестиваль еріктілер үшін бір-бірімен танысып, тәжірибе алмасатын алаңға айналды. Жиында «Сана» зияткер жастар ҚҚ-ның президенті Сабыржан Кеңшілік еріктілермен жұмыс барысында кездесетін мәселелерді айтып, шешу жолдарын ұсынды.

Бұл қоғамдық қор облыста «Жеңіс» жобасын ұйымдастырумен белгілі. Волонтерлар жылына төрт рет ҰОС, тыл ардагерлеріне материалдық көмек көрсетіп, үй шаруасына көмектеседі. Бір жақсысы, олардың көмегі бір реттік шара емес. Себебі, әр ардагерге жыл бойына бір ерікті жауапты болып бекітілген.

Ерікті болу ерікkеннің ермегі емес, кейде тіпті ерлік. Ең бастысы, ол – қоғамды өркениетке бастайтын ниеті оң, жүрегі кең адамдардың жұмысы. Айталық, 100-ден аса адамды біріктірген «Жаңғырған Жаңақорған жастары» қоғамдық қоры осы кезге дейін екі отбасының қоныс тойын тойлауына себепкер болды. Қазір Жаңақорған ауданында үшінші үйдің құрылысы салынуда. Бес бағыт бойынша басқаларға көмектесетін еріктілер бұл жұмысты алғаш 2 мың теңгеден қаржы жиып, мұқтаж отбасыларға азық-түлік әперуден бастаған.

Жиында Абай айтқан үш қасиет – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегімен қоғамға қуаныш сыйлап жүрген еріктілер жобаларымен таныстырды. Сондай-ақ, еріктілер арасында достықты қалыптастыру мақсатында «Ұлағат ұландары» жастар қоғамдық бірлестігі тимбилдинг форматындағы квест ойындарын ұйымдастырды.

«САЛЫММЕН САҚТА САУЛЫҚТЫ»

## 36,1 млрд теңге төленді

«2019 жылдың 1 қазанындағы мәліметтер бойынша, Қордың жеткізуші компанияларына 36,1 млрд теңге төленді. Бұл кепілдендірілген медициналық көмек пакеті шеңберінде бекітілген келісімшарттардың жалпы сомасының 80,5 %-і», – деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Руслан Бектібаев.

Оның айтуынша, жұмыс кестеге сәйкес жүргізілуде. Бөлінген қаражат медицина мекемелерінің операциялық шығындарын өтеуге жеткілікті.

Биыл мемлекеттік тапсырысты орындауға 73 медицина ұйымы атсалысып жатыр. Оның ішінде 43-і жеке меншік клиника. Биыл олардың саны 2018 жылмен салыстырғанда 7-ге артқан, яғни 14% құрайды.

Мемлекеттен тапсырыс алған жеке меншік клиникалар саны жағынан Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Қызылорда және Жамбыл облыстары көш бастап тұр.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.**

## Жарамсыз деп есептелсін

Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының Шиелі ауданы, Шиелі кентінде орналасқан денешынықтыру сауықтыру спорт кешені үшін берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-154-007-844) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты Қазақ ұлттық Өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмасбек Нұрмаханұлы Алматовқа ұлы

**Алматов Зейнолла Алмасбекұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

"Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі ұжымы осы мекеменің жоспарлау, талдау және есептілік бөлімінің басшысы Света Бақытбекқызы Садықоваға әкесі

**Бақытбек Садықұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Облыстық кеңес беру диагностикалық орталығының ұжымы орталық дәрігері Қалия Серікбайқызы Мамырбаеваға анасы

**Құндызай Оспанқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# Сахнамен сырлас ғұмыр

**Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Кәмила Әбжанованың 70 жылдық мерейтойы және өнер көгінде жұлдыздай жарқырап жанғанына 50 жыл толуына орай «Сахнамен сырлас ғұмырым...» атты шығармашылық кеш өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Қазақстан театрлар ассоциациясының президенті Асанәлі Әшімов қатысты.**

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Кәмила десе, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклі мен А.Әшімов түсірген осы аттас көркем фильмдегі Қозының анасы – Мақпал ойға оралады. Осы кезге дейін 100-ге жуық рөлді сомдаған К.Әбжанова қазақ мәдениеті мен руханиятын асқақтатып, ұлы өнерге адал қызмет етті.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов өнер иесін облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың және облыс жұртшылығының атынан құттықтады.

– Сіз бүгінгі белеске өзіңіздің шығармашылық шеберлігіңізбен, кәсіби біліктілігіңізбен, сомдаған бейнеңізге деген шынайы құрметіңізбен жетіп, халық ықыласына бөленіп, сүйікті актрисамызға айналдыңыз. Әрбір бейнелеген рөліңіз көрерменнің эстетикалық талғамынан шығып, Сыр театрының тарихында өз орныңызды қалыптастырып келесіз. Театр сахнасы арқылы қазақ әйелінің қасиетті образын жаңғырта білдіңіз, бойымызға рух сіңіріп келесіз. Шекспир, Әуезов, Мүсірепов секілді әлемдік және ұлттық драматургия алыптарының шығармаларындағы жауапты рөльдерді табиғи сомдап, күллі көрерменді тамсандырған кәсібилігіңіз жас артистер үшін зор үлгі-өнеге, мектеп деп қабылдаймыз, – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Кеште өнер иесіне облыстың ең жоғары наградасы – «Құрмет грамотасы» табысталды.



1972 жылы Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының студиясын бітіріп, Қызылордадағы театрға жұмысқа орналасқан өнер иесі елу жылға жуық уақыт рольдері арқылы жүректерге жол тауып, өз ортасында «театр анасы» деген құрметке ие болған.

– Сыр елі – өзімізге таныс, әр уақытта жылы шыраймен қарсы алатын өңір. Тарихымыздың басталған жері. Бұл жерде талай ұлылармен, Сәбира Майқановамен бірнеше рет гастрольға шығып, аудандарды араладық. Мұндай ұлылармен бірге жүрген – бақыттың бақыты. Жақсы адамдардан жақсы дүние үйренесің. Міне, соның бірі – Кәмила. Бұл той – халыққа да, келешекке де өнеге, – деді Асанәлі Әшімов.

Ауқымы кең, айтары мол кеште театр артистері шағын қойылымдар сахналап, жалынға, мөлдір лирикаға құрылған әндер шырқады.

Актриса өнер сахнасында өмірлік жары Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Бақытбек Алпысбаевпен бірге еңбек етіп келеді. Кеште ақын Жүрсін Ерман Кәмила Әбжанованың сахна мен өз өмірінің алтын тінін бағалай білгендігін, адал жар, өнегелі ана екенін атап айтты.

Шарада өнер иесіне «Қазалы ауданының Құрметті азаматы» атағы беріліп, ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың құттықтау хаты және бірқатар Алғыс хаттар табысталды.

Суретті түсірген
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.**

---

**Шиелілік ерлі-зайыптылар Бақытбек Дулыға мен Дәрігүл Ысқақова он шақты жылдан бері қолөнермен айналысып келеді. Бірі сандық, бесік, қобдиша секілді бұйымдар істесе, екіншісі бесіктің жабынын тігіп, отбасылық кәсіпті дөңгелетіп отыр. Олар кеше Қызылордадағы Кәсіпкерлер үйінде өткен мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлердің «Өзіңе сене баста!» атты II көрме-конкурсына қатысты. «Мұндай шаралар бізге өзіміз секілді жандармен жақын араласып, дайындаған дүниелерімізді көпшіліктің назарына ұсынуға көмектеседі», – дейді Д.Ысқақова.**

Назерке САНИЯЗОВА.

# Миллион үздікке бұйырды




Көрме-конкурсқа қатысуға 100-ден астам кәсіпкер ынта білдірсе, облыстық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының филиалы, кәсіпкерлер палатасы, «Даму» қоры мен әлеуметтік қорғау ұйымының өкілдерінен құрылған комиссия 70-нің өтінішін мақұлдады. «Мақсат – тағдыр тауқыметіне мойымай, қоғамда өз орнын тауып, өзін де, өзгелерді де жұмыспен қамтып отырған азаматтардың еңбегін көрсету, оларды көпке үлгі ету. Өйткені аяқ-қолы сау замандастарымыздың арасында «мемлекет береді» деген масылдық көзқарастан арыла алмай жүргендер аз емес», – дейді облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов.

Қармақшыдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың «Аңсаған» қоғамдық бірлестігімен екі жылдан бері бірге жұмыс істеп келе жатқан Бақытгүл Райымбаева көрмеге ісмер көмекшілерінің қолөнер бұйымдарын ала келіпті. Тігу мен тоқуға ебі бар ұйым мүшелерін кәсіпкер гобелен мен кілем тоқу ісіне баулып жүр. «Балаларымның жетістігімен мақтанамын. «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігі былтыр Алматыда оқушылар мен жасөспірімдер фестивалін ұйымдастырды. Фестивальдің қолөнер-көркемсурет көрмесінде №27 орта мектеп оқушысы Аида Шауқанбаева бас жүлде, №250 мектеп-лицей оқушысы Іңкәр Боранбай I орын иеленді», дейді Б.Райымбаева.

Көрмеге облыс әкімінің орынбасары Мұрат Имандосов қатысты. Ал ондағы өнім түрлерін бағалаған комиссия үздік 3 кәсіпкерді қаржылай сыйақымен марапаттады. Атап айтқанда, I орын иегері атанған қармақшылық Қайрат Мұсабеков миллион теңге иеленді. Одан кейінгі орындар сырдариялық Александр Тараханов (700 мың теңге) және қызылордалық Орынгүл Оразбаеваға (500 мың теңге) бұйырды. Өзге қатысушыларға тұрмыстық тауар сертификаттары табыс етілді.

# Педагогикалық идеялар фестивалі

**Жастар жылы аясында өткен «XXI ғасыр мектебі – құндылықтар мен өзгерістер» атты облыстық педагогикалық идеялар фестивалі аймақтағы оқу-ағарту жұмыстарының жаңа деңгейге көтерілгенін айқындай түсті. Облыстық білім басқармасы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы және облыстағы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты бірлесіп ұйымдастырған ауқымды шара Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде өтті. Шараның мақсатына сәйкес бірқатар мектеп басшылары мен мұғалімдердің инновациялық тәжірибелері зерделеніп, уақыт талабымен үндесетін озық идеялары таратылды.**

Ғазиза ӘБІЛДА.



Педагогикалық идеялар фестивалінде 30-ға жуық мектеп директоры, аудандық, қалалық білім бөлімі әдіскерлері және жаңартылған бағдарлама бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдер жалпы саны 11 пән бойынша ашық сабақ өткізді. Жаңа стандарт талабына сай құрылымдалған сабақтар барысында оқушылардың танымдық қабілетін арттыра отырып, критериалды бағалау жүйесін тиімді қолдану дағдысына аса мән берілді. Ашық сабақтардан соң өткізілген секциялық жоба қорғау жұмыстарында 45 мұғалімнің тәжірибелері таңдауға лайық деп танылды.

«Жаңартылған мазмұндағы сабақ: тиімді жоспарлау және талдау тәсілдері» тақырыбын қамтыған секция жұмысына облыс, қала мектептерінің басшылары қатысып, жаңа форматта сабақты тиімді жоспарлау және талдау тәжірибелерін ұсынды. Ал «Заманауи білім берудегі құндылықтар мен дағдылар» секциясында мұғалімдер пән мазмұнына сай заманауи құндылықтар мен ұстанымдарды қалыптастырудың бірегей тәсілдерінен ой бөлісті.

«Педагогикалық инновациялық идеялар» аукционы бойынша қатысқан шығармашыл ұстаздар сабақты күрделі, мазмұнды, жеңіл және белсенді тәсілдермен меңгерту үлгілерін, сондай-ақ, «XXI ғасыр мектебі: АКТ және сандық білім беру ресурстары» тақырыбындағы IT алаңы секциясында сандық ресурстарды тиімді қолдану тәжірибелерін ортаға салды.

Фестивальдің екінші кезеңінде пленарлық мәжіліс өткізіліп, онда облыстық білім басқармасы және институт басшылары тақырып төңірегіндегі пікірлерін білдірсе, А.Яссауи атындағы ХҚТУ профессоры мен институт тренерлері жаңартылған бағдарламаның ерекшеліктері мен басымдықтары, критериалды бағалау жүйесінің маңыздылығы жайлы баяндамалар жасады.

Шара соңында озық идеяларымен танылған фестиваль қатысушылары ұйымдастырушылардың «Құрмет грамотасы» және дипломдарымен марапатталды.

---

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**LATYN QARPIN ÚIRENEMIZ**

## Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйретуді бастады. Бүгін сабақтың – **он сегізінші күні.**

Сонымен Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы мамандарының Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында дайындаған «Жаңа қазақ әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Берілген тапсырмалардың жауаптарын tilortalyk_kzl@mail.ru (тел.: 70-06-81) электронды поштасына жолдап, марапатқа ие болыңыздар!

## Qurmetti oqyrman!

Qyzylorda oblysynyń tilderdi oqytý ortalyǵy mamandarynyń Qazaq álipbıin latyn grafıkasyna 2025 jylǵa deıin kezeń-kezeńmen kóshirý jónindegi respýblıkalyq is-sharalar josparyn júzege asyrý maqsatynda daıyndaǵan «Jańa qazaq álipbıinde jazýǵa daǵdy qalyptastyratyn jumys dápterin» belsendi oryndaýǵa shaqyramyz. Usynylǵan ádistemelik qural latyn grafıkasyna negizdelgen qazaq álipbıiniń áripterin jazýǵa úıretedi. Grafıkalyq tapsyrmalardy oryndaý arqyly til úırenýshi áripterdi durys jazýdy jáne olardyń baılanysyn ajyratýdy meńgeredi.

Berilgen tapsyrmalardyń jaýaptaryn tilortalyk_kzl@mail.ru (tel.: 70-06-81) elektrondy poshtasyna joldap, marapatqa ıe bolyńyzdar!

**Jumys dápteri**

Aty-jóni:____________________

**Oo**

**1.Áripti jazyńyz**

O____________________

o____________________

**2. Sózderdi oqyńyz. Qajetti áripti jazyńyz.**

*_rman, _ramal, _jaý, _ryndyq, q_zy, d_p, d_mbyra, _tbasy, d_styq, q_byz, m_nshaq, b_ta, d_ngalaq, j_q, _ıyn.*

**3. Sóılemdi kóshirip jazyńyz.**

*Dosbol dostarymen kınoga bardy.*

____________________

Jaqynda ol on jetige tolady.

____________________

Myna murajaı ortalyqta ornalasqan.

____________________

**4. Sýretterdi sıpattap sózben jazyńyz.**










____________________

**5. Sýretti sıpattańyz.**



____________________

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** **Таралымы 29434** **Тапсырыс №1672**
Кезекші редактор **Айдана ЖҰМАДИНОВА.**